# «Үздік педагог»-2021»байқауы

Бүгін бізде үлкен мереке! Қазіргі қоғам жастардың бойына адами құндылықтарды сүйіспеншілік,мейірімділік,әділдікті сіңіріп тәрбиелеуді көздейді.Рухани тәрбие балалалық шақтан бастау алып,адам өмірінің әр кезеңінде дами отырып,нәтижесінде дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуге өріс алады.Ал,осы құндылыққа жол ашатын-тәрбиеші. Тәрбиешілердің білімін, іскерлігін педогогикалық шеберліктерін арттыру, мамандарды қызметке бейімдей отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыру, шығармашылық қабілетін жетілдіру, теория мен тәжірбиені ұштастыра отырып, кәсіптік құзіреттіліктерін нығайту, ұжымдық қарым-қатынасқа психологиялық бейімдеу, өзара тәжірбие алмасу мақсатында «Үздік педагог-2021» атты тамаша кеш өткелі отыр. Бұл кеште бала жүрегіне жол таба білген, білім нәрімен сусындатып қана қоймай, бала бойына тәлім – тәрбиенің асыл қазынасын құя білетін,еңбек өтілдері аз да болса ұстаз деген атқа лайық тәрбиешілеріміз сайысқа түседі.

Мақсаты: Өз ісін жетік меңгерген, қазіргі заманғы озық технологияны ұйымдастырылған оқу-қызметтерінде қолдана білетін,баланың жан-жақты қабілетін ашып,толыққанды дамуына қолдау көрсете білетін,білікті де, білімді, дарынды, шығармашыл тәрбиешіні анықтау. Жас мамандарға кәсіптік шеберлігін,оқытуда ақпараттық технологияны қолданудағы ізденістерін,әдіс-тәсілдерін көрсету арқылы педагогтардың бүгінгі білім беру талабына сай ақпараттық құзырлығын жетілдіру. **Ж**ас маманға өзін – өзі тәрбиелеуге, бейімділіктерін дамытуға үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңа технологияны үйренуге, меңгеруге баулу. Жас мамандардың мотивациясын арттыру.

Тәрбиеші....

Осы сөзде қаншама ұлылық бар,

Жүрегінде маздаған жылылық бар.

Ол сен үшін тер төккен бекзат қауым

Ұстаздығы сан сырды ұғынып қал.

Жүректен өлең төгіп,қосқан жырға,

Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға,

Қошеметтеп кәнекей қол соғыңдар,

Сайысқа қатысушы апайларға!.

(Тәрбиешілер ортаға шығады. )

Scanned by TapScanner

Бүгінгі сайысымызға қатысушы тәрбиешілерді ортаға шақырамыз.Қол соғып, қошемет көрсетейік! (Музыка әуенімен залға тәрбиешілер кіреді). (сайыскерлердің аты-жөні)
1.Жұбанизова.Г – ортаңғы топ тәрбиешісі. Өмірлік ұстанымы:» Адал бол –адам бол»Жұлдызнамасы – Мерген.
2.Максимова М. –1-кіші топ тәрбиешісі. өмірлік ұстанымы. «Кең болсаң-кем болмайсың»
Жұлдызнамасы – Балық
3.Жақсылық.Ш- 2-кіші топ тәрбишісі. Өмірлік ұстанымы:.Ұстаз бағбан-бала гүл Жұлдызнамасы – Суқұйғыш.
4. Смағұлова.Б -психолог.
Өмірлік ұстанымы: Болмасамда ұқсаймын,Ұстаздық жолын ұстаймын.Шынайылап қиялды, білімімді жас ұрпаққа ұштаймын.Жұлдызнамасы – Таразы..
5.Кемалова Гулжанат Музыка жетекшісі Өмірлік ұстанымым:Өмірдің әр сәтінен-сабақ аламын. Жұлдызнамасы :Егіздер

**Тренинг барысы.**

**І.Психологиялық дайындық.**

1) «Жылылық» (бір-бірінің алақандарын алақандарына қойып, жақсы тілек тілейді).

Бір – біріңнің алақандарыңды алақандарыңа қойғанда қандай сезімде болдыңдар? Әрине, жылылық сезіндіңдер. Жақындық, мейірім, жақсы сөз, жақсы тілек айтқанда көңілімізге қуаныш, шаттық пайда болады. Олай болса, байқауымызды мейірім, жылылық, сәттікпен өткізейік. (Жылы лебіз тіліктер айтылады).

Сайысымыздың 4 бөлімнен тұрады.

1.Ал, қанекей танысайық! (таныстыру). Портфолио
2.Жаңа технологиялар бойынша ашық оқу қызметтерін көрсету.
3.«Білекті бірді,білімді мыңды жығады» (сұрақ - жауап, педагогикалық жағдаяттар).
4. Шебер қолдар көрмесі . **Мақсаты:**Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

***«Ал қанекей танысайық» қатысушылар ортаға шығып өздерін таныстырып өтеді.***

Ескертілетін жайт:

- мазмұны;
- Грация (жүріс-тұрысы);
- Сөйлеу мәнері;

***«Кім тапқыр» (сұрақ-жауап, пед ситуация)***

Сұрақ-жауап билет түрінде беріледі.

Scanned by TapScanner

**Ескертілетін жайт:**

- жауаптың дұрыстығы;
- уақыт мөлшері;
- Мазмұны;
- Әртістік шеберлігі

1.Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға,

Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға,

Қошеметтеп ,асыл халқым қол соғыңдар,

Сайысқа қатысушы тұлғаларға

Өнер қуып тәрбиешілер өтер деймін,

Бір басына өнері жетер деймін.

Тамылжытып сөздерін,

Таныстырып өздерін өтсе деймін. .

Жүргізуші:

Пікірлесіп көрейікші біз ашық,
Даурықпайық, берекесіз шуласып.
Жүгінейік ақиқатқа әрқашан,
Дос көңілмен ақтарыла сырласып.

Бәрімізді бей-жай қылған тақырып,
Сырласайық ой-теңізін сапырып.
Батыл болсын, анық болсын пікірлер,
Сөз маржаны жатсын тыңнан атылып– дегендей сайысымыздың келесі кезеңін бастайық.

**2.Сайысымыздың екінші бөлімі:**

**Жаңа технологиялар бойынша ашық оқу қызметтерін көрсету**

**1.Өз қабілетіңді, өз талантыңды шыңда деген сөзді қалай түсінесің? (өз ойларын айту)**

Өз қабілетіңді, өз талантыңды шыңда.

Әркім өз білімдерін, дағдыларын,іскерліктерін өз бетімен дербес жетілдіре алады. Адамның қабілетінің дамуына еңбексүйгіштік, табандылық, өжеттілік, шыдамдылық, ынталылық, өзін – өзі билей алушылық көмектеседі. Адам қабілетінің дамуына таланттың ашылуына оның білімінің шалағайлығы, жұмыс дағдысының болмауы, жалқаулық, еріншектік кедергі келтіреді. Адамның өз бойындағы талантты ашуға ең алдымен көп ізденуі, көп оқуы, білімді болуы және уақытты нәтижелі пайдалана білуі көмектеседі. Талантты ашудың бірден – бір жолы –

Scanned by TapScanner

білімділік, ізденімпаздылық. Алайда, адамдардың өздері колданып, іске асыра алатын бақылау әдісін алуға болады. Адам баскалардың мінез – құлқын, жұмыс нәтижелерін талдап, өз мінез – құлқын, жұмыс нәтижелерін және жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін білуге болады. Үнемі акпараттарға шолу жасау, өзара сабактарға катысу да өз жемісін береді.

**«Жаңа технология дегеніміз не?»**

(Білетін ойларымен бөліседі)

***Слайд технологиялар түрлері:***

-дамыта оқыту;

-СТО;

-модульдік;

-ұжымдық;

-БиС;

-үш өлшемдік технологиясы, т.б.

***Технология түрлері:***

1.Сатылған тәртіптелген іс – әрекет жүйесі

2.Нақтылы мақсатқа негізделген болашақ үрдісінің жобасы

3.Мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы

4.Білім беру стандартының негізгі талаптарына жетудің накты жолы

5.Көзделген нәтиженің орындалу кепілі

6.Жоспарланған түпкі нәтижеге жетудің кепілдік берерліктей іс – әрекеттер жиынтығы

**Өткізу әдісі:** бірыңғай топтық жұмыс

1.Сызба бойынша (бір тақырып аясында) талдау, түсіндіріңіз.

Дамыта оқытуды жүзеге асыру бағыттары:

1)Деңгейлік тапсырмалар

-міндеті

-алгоритмдік

-эвристикалық

-шығармашылық

2)Ойын арқылы

-санамалықтар

-қаламақтар

Scanned by TapScanner

# Жас маман анкетасы

1. Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз және несімен қызық?

Маған баламен жұмыс жасаған ұнайды, біраз жыл өзім осы балабақшада жасағасын ұстаздық ұнады сол себепті таңдадым.

2. Сіз өз мамандығыңызды қай қырынан (қай жақтан) қарайсыз?

Бала өмірдің мәні де сәні сол себепті.

3. Жұмыста қандай қиыншылықтар туды және қандай көмек қажет?

Алдағы уақытта үлкен деңгейде шара өткізіп көргім келеді, ол үшін жетекші бола көмек қажет болады.

4. Педагогикалық ұжыммен өз арасында қарым- қатынасыңызды қалай бағалайсыз?

Жақсы ұнап жатыр бастамасы.

5. Жақын арада өзіңізге қандай міндет қоясыз?

Жақсы педогог білікті білімді ұстаз болғым келеді.

6. Сіз келешекке қандай кәсіптік жоспар құрасыз?

Білімді, іздемпаз балаларға жақсы тәрбие білім бергім келеді.

7. Сізге келешекте мамандық таңдауға мүмкіндік туса, тәрбиеші болуды кайтадан қалар ма едіңіз?

Иә.

8. Ұжым жұмысында Сізді не қызықтырады?

Неше түрлі сайыстар ұнайды, сабақтар баламен жұмыс жасаған.

9. Әдіскер тарапынан көмек беріле ме,және қандай?

Иә беріледі қашан сұрасаңыз жауап қайтады, үйретеді.

Жас маман: Кабылова Гулдана Сагинбаевна

Scanned by TapScanner

# Жас маман анкетасы

1. Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз және несімен қызық?
[illegible] балалармен жұмыс жасау қызықты, әрі бүлд[...]
сақтап, бала қорғаушы да болғың келеді. Бөлімі дамыта [...]

2. Сіз өз мамандығыңызды қай қырынан (қай жақтан) қарайсыз? келеді.
Ізденімпаздықпен қарап келеді.

3. Жұмыста қандай қиыншылықтар туды және қандай көмек қажет? Ең алдымен
маған бәрі қиын, жасқаншақ болдым, әйтсе де мүмкін басқа факультеттің
жаңа тәрбиешілер мамандығын толық меңгеру.

4. Педагогикалық ұжыммен өз арасында қарым- қатынасыңызды қалай
бағалайсыз? Жақсы.

5. Жақын арада өзіңізге қандай міндет қоясыз? Ізденімпаз болу үшін, там[...]
қою керек өзіңе, қолдан келгенше осы мамандығы[...]
шыңын жету.

6. Сіз келешекке қандай кәсіптік жоспар құрасыз? Келешекте толығымен[...]

7. Сізге келешекте мамандық таңдауға мүмкіндік туса, тәрбиеші болуды
қайтадан қалар ма едініз? Әлі толықпен жауап бере алма[...]
Әйтсе де ең басында тәрбиеші ісін толықтай игер[...]
білуім керек.

8. Ұжым жұмысында Сізді не қызықтырады? Мені ұжым қызықта[...]
ең алдымен ~~ауыз~~ сыйластығы, ауыз бірлігі, бауырмал[...]
да.

9. Әліскер тарапынан көмек беріле ме, және қандай?
Беріп жатыр, кез-келген уақытта ауызша да,
жазбаша да түсінік алып отырмыз.

Батырова Нурайна Камиевна

Жас маман:

Scanned by TapScanner

«Мөлдір» бөбекжай-бақшасы

Баяндама

# «Баланың танымдық қабілетін арттыру»

2021-2022 оқу жылы

Scanned by TapScanner

Әлем бала өміріне біртіндеп кіреді. Бала ең алдымен оны үйде, балабақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі. Ойын–баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән–мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды.
Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.
Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын арқылы оқыту, бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырды. Грузин педагогы Ш.А.Амонашвили ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре білді. Ш.А.Амонашвили өз оқушыларымен ойын ойнағанда өзін балалармен бірдей қоя отырып, олардың көңіліне, ойына, санасына пайдалы ұғымды беріп, өз ісіне сенімді болып, қиындықтарды жеңе білуге үйретті–баланың көздерінде білімге деген құштарлықты байқады. Ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда болды. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады. Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан, бұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет.
Дидактикалық ойындарда міндетті түрде екі бала қатысатын ойындар түрін пайдаланған тиімді. Ойын арқылы оқыту үшін дидактикалық ойындар құрылған. Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалы ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді. Әр дидактикалық

Scanned by TapScanner

ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады.
Ұсынылып отырған құралда балалардың математика пәніне қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ойындар; қазақ ақын–жазушыларының санға байланысты санамақтар, жаңылтпаштар; сергіту сәттері; іс-әрекеттің конспектісі берілген, не үшін ойынды ұйымдастыру керек және тәрбиешінің алға қойған мақсатына қалай жету деген сұрақтардың негізінде құрастырылған. Ойындардың тиімділігі көп жағдайда тәрбиешінің көңіл–күйіне де байланысты болады. Әр ойынды өткізген кезде тәрбиешіге шығармашылық қажет.
Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балалармен өткізілетін математиканың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру іс-әрекетте ойынның мынадай түрлерін пайдалануға болады:
1) дидактикалық ойындар–логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамыту.
2) санға байланысты санамақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар–балалардың сандарды танып білуін, тілдерін жаттықтыру, есте сақтауын, ойлау қабілеттерін дамыту.
3) математикалық сергіту сәттері–кеңістікті бағдарлау, қимыл қозғалысты дамыту. Құралда дидактикалық ойындар мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс–тәсілдері көрсетілген. Олар балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттарды түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету. Балалардың логикалық ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған.
Жоғарыда айтылған мақсаттарды шешуде нәтижесі ұтымды болу үшін балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруда дидактикалық ойындардың жинағын ұсынамын.

## І. Дидактикалық ойындар

Геометриялық пішіндерге арналған дидактикалық ойындар

Мақсаты: Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.
Көрнекілік: Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер.
Барысы: Балалар геометриялық /үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және с.с./ пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс.
Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.:
а/дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойындар /үш дөңге салынған сандық карточканы көрсетеді/;
б/мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойындар /бес дөңгелек салынған сандық

карточканы көрсетеді/;
в/дәл осындай пішінді көрсетіңдер /дөңгелекті көрсетеді/және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер.
Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады.Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді.

«Дәл осындай пішінді тап»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.
Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

«Үйдің есігін жабайық»

Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.
Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуг жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.
Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

Scanned by TapScanner

«Мөлдір»бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Балаларды режим ережесін бұзбай,**

**серуенге жылдам жиналуын қалай ұйымдастыру керек.**

**Тәрбиешіге ұсыныстар**

2021-2022 оқу жылы

**Әдіскер: Калиева.К.С**

Scanned by TapScanner

**Балаларда режим ережесін бұзбай, серуенге жылдам жиналуын қалай ұйымдастыру керек. Тәрбиешіге ұсыныстар**

Балаларды коронавирус инфекциясынан қорғау үшін тәрбиешілерге серуендеу уақытын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабақтың бір бөлігін далада өткізуге кеңес беріңіз. Балалардың киіну-шешінуіне көп уақыт жұмсамау керек.Балабақшаларда коронавирустың алдын алу үшін серуендеу уақытын арттырған жөн. Жылы ауа-райында сабақтың бір бөлігін серуендеумен өткізуге кеңес беріңіз. Осылайша балалар күніне үш рет: таңертең таңғы асқа дейін, сабақтан кейін және кешкі астан кейін серуендейді. Бірақ тәрбиешілер серуендеу жиілігін арттырғанда балаларды қалай тез жинау керектігі жайлы проблема туындайды. Бұл әсіресе жас топтарда проблемалы: олардағы киіну және шешіну процесі кейде жарты сағатқа созылады, бұл режим ережелерін бұзады. Тәрбиешілерге балаларды серуендеуге қалай жылдам жинап, қайтып оралуды қалай ұйымдастыруға болатындығы туралы кеңес беріңіз.

Балалардың белсенділігін үш жолмен арттыруға болады. Бірінші әдісті күнделікті, екінші және үшіншіні сирек қолданған жөн, себебі балалар оларды алдау ретінде қабылдауы мүмкін.

**Бірінші әдіс.** Балаларды іс-әрекетті өзгертуге эмоционалды түрде бейімдейтін серуендеуді бастау дәстүрін жасаңыз. Ол үшін өлең, көңіл көтеру, ән қолдануға болады. Олар балалар үшін ойынды аяқтайтын уақыт келгені, ойыншықтарды орнына қойып, киіну керек екені жайлы белгі болады.

Балаларды қызықты оқиғаға жетелейтін қуыршақ-кейіпкерді пайдалануға болады.

**Екінші әдіс.** Терезеге барып, ауа-райы жақсы, күн жарқырап тұрғанына назар аударыңыз. Балаларға аулада қандай қызықты ойын күтіп тұрғанын айтыңыз.

**Үшінші әдіс.** Балаларды сыртқа алып шығатын материалды дайындауға тартыңыз. Тәрбиеленушілерден доп, ойынға арналған құралдарды алып шығуын өтініңіз. Серуенде оның не үшін қажет болатынын сұраңыз.

| | |
|---|---|
| 2-кеңес. Балалармен киіну ережелерін жаттаңыз | Проблема: [illegible] |

Балаларды серуендеуге жинауға байланысты ережелерді: шкафта заттардың реті, киіну алгоритмі, мінез-құлық ережелері деп үш топқа бөлуге болады.

**Бірінші ереже.** Киім оны кию алгоритміне сәйкес келетін ретпен орналасуы керек. Шкафтың жоғарғы сөресі ауыстырылатын киімге арналған.

**Екінші ереже.** Киіну алгоритмін қолданыңыз. Оны балаларға көрсетіңіз және олардың жасына қолжетімді түрде үйретіңіз: кіші топтарға арналған сурет, орта топтарға арналған фотосурет, үлкен балаларға арналған схемалар. Әр бала оны көре алатындай етіп, баланың көз деңгейінде киім бөлмесіне алгоритммен плакат іліңіз. Онда серуендеуге арналған заттарды қандай ретпен кию керек екендігі көрсетілуі керек. Бұл жағдайда қосымша түсініктеме мен мәтін болмауы керек. Алдымен балаларға бұл суреттердің не үшін қажет екенін түсіндіру, содан кейін олар схемаға сәйкес киінуге тырысуы керек. Кіші мектеп жасына дейінгі балаларға арналған плакат үлгісін төменде қараңыз.

**Үшінші ереже.** Киіну және шешіну кезінде балалармен мінез-құлық ережелерін қайталаңыз. Шкафтан тек киюге болатын киімдерді алу және тек өз шкафының жанында киінуі; заттарды өз орындарына қоюы керек екенін балалардың есіне салыңыз.

Балаларға арналған «Серуенге қалай киіну керек» плакатын e.rukdo.mcfr.kz жүктеп алыңыз.

| | |
|---|---|
| 3-кеңес. Ойын арқылы киінуді үйретіңіз | Проблема: Балалар тәрбиешінің нұсқауларын тыңдамайды, ережелерді еске сақтамайды немесе шатастырады, өз бетінше әрекет етеді. |

Балалардың өздігінен киіну-шешіну дағдыларын қалыптастыру үшін оқушылардың жасын ескере отырып, ойын әдістерін, оқу құралдарын, көркем мәтіндерді қолданыңыз.

**Ойын әдістері.** Киім жиынтығы бар қуыршақты қолданыңыз. Балалар киімдердің атауларын, киіну және шешіну ретін қайталайды.

**Ойын құралдары.** Ойын құралдары ретінде, мысалы, ілгектерді, сыдырма, түймелерді қолдануға болады.

Scanned by TapScanner

01. 09. 2021.

Тәрбиешінің аты-жөні: [illegible]

**1. Педагогикалық жұмысқа Сіз қалай келдіңіз?**

1) саналы түрде

2) өзге салалардан жұмыс таппағандықтан

**2. Сіз жұмысты қалай іздедіңіз/таптыңыз?**

1) бітірген жоғары оқу орнының жолдамасымен

2) әріптестер, қаланың білім басқармасының жолдамасымен

3) жақсатты түрде салиманың қалаған үйдің мектебін іздедім

4) достарымның әріптестерімнің ұсыныстары арқылы вакансия таптым

5) жекелен әкімшілігі шақырды

**3. Сізде тәлімгер-мұғалім бар ма?**

1) иә, және оның көмегі тиімді

2) жоқ, бірақ ол маған керек

3) жоқ, мен оған мұқтаж емеспін

4) иә, бірақ оның көмегі тиімсіз

**4. Өзіңіздің жеке педагогикалық қызметіңізден кейін Сіздің тәрбиеші жұмысына деген көзқарасыңыз өзгерді ме, егер өзгерсе қалай?**

1) өзгерген жоқ

2) жақсы жағына қарай өзгерді

3) жаман жағына қарай өзгерді

4) жауап беруге қиналамын

**5. Өзіңіздің бақшадағы жұмысыңыздың сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?**

1) толық қанағаттанамын

2) жоқтан гөрі, иә

3) иәден гөрі, жоқ

4) нақты жоқ

5) жауап беруге қиналамын

**6. Сіз балабақша тәжірибесінде қандай проблемалармен жиі кездесесіз:**

1) тәлімгерлік жүйесінің болмауы

2) педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастар

3) Балабақша әкімшілігінің жұмыс стилі

4) ата-аналардың тәрбиешіге деген қарым-қатынасы

5) балалардың оқуға ынтасының жоқтығы

Scanned by TapScanner

**7. Балабақшада жұмыс істеу кезінде Сіз жоғары оқу орнында алған біліміздің тәжірибелік пайдасын жалпы қалай бағалайсыз?**

1) *өте жоғары*

2) *айтарлықтай жоғары*

3) *аса жоғары емес*

4) *төмен*

**8. Сіздің ойыңызша, жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының оқыту мазмұнында не жетіспейді?**

1) *ҮОҚ мазмұны мен білім ауқымы*

2) *кәсіптік тәжірибе бойынша уақыт көлемі мен мазмұны*

**9. Алдағы бірнеше жылда өзіңіздің педагогикалық мансабыңыздың дамуын қалай бағамдайсыз?**

1) *жұмыс істеп жүрген мектебімде, пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру*

2) *мансаптық өсу (оқу меңгерушісі, мектептің құрылымдық бөлімінің басшысы) оған қоса пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру*

3) *өзге беделді, кәсіби тартымды мектепке ауысу*

4) *магистратураға түсу, ғылыми-педагогикалық қызметті бастау*

5) *екінші жоғары білім алу*

**10. Мамандықты ауыстыру туралы ойыңыз бар ма?**

1) *иә*

2) *жоқ*

**11. Мамандықты ауыстыру ойыңыз болса, оның себебі**

1) *мамандықтан түңілу*

2) *ұтымды ұсыныс түсу*

3) *жеткіліксіз кәсіби деңгейіме байланысты*

4) *мектептегі психологиялық жағдайға байланысты*

**Соңында, өзіңіз туралы шағын ақпарат**

*Тегі, аты–жөніңіз (толық)* Махмет Анара Аезбиевна

*қала, аудан, область* Ақтөбе облысы мұғалжар н с сағ.а.

*Сіз бітірген жоғары оқу орнының аты* жұбанов.

*диплом бойынша біліктілігіңіз* жұбанов колледж.

*жоғары оқу орнын бітірген жыл* 2021.ж.

*жүргізетін сабақтарыңыз* шамадастырған оқу қызметі

Scanned by TapScanner

01.09.2021ж.

**7. Балабақшада жұмыс істеу кезінде Сіз жоғары оқу орнында алған біліміңіздің тәжірибелік пайдасын жалпы қалай бағалайсыз?**

*1) өте жоғары* (circled)

*2) айтарлықтай жоғары*

*3) аса жоғары емес*

*4) төмен*

**8. Сіздің ойыңызша, жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының оқыту мазмұнында не жетіспейді?**

*1) ҮОҚ мазмұны мен білім ауқымы*

*2) кәсіптік тәжірибе бойынша уақыт көлемі мен мазмұны* (circled)

**9. Алдағы бірнеше жылда өзіңіздің педагогикалық мансабыңыздың дамуын қалай бағамдайсыз?**

*1) жұмыс істеп жүрген мектебімде, пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру* (circled)

*2) мансаптық өсу (оқу меңгерушісі, мектептің құрылымдық бөлімінің басшысы) оған қоса пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру*

*3) өзге беделді, кәсіби тартымды мектепке ауысу*

*4) магистратураға түсу, ғылыми-педагогикалық қызметті бастау*

*5) екінші жоғары білім алу*

**10. Мамандықты ауыстыру туралы ойыңыз бар ма?**

*1) иә*

*2) жоқ* (circled)

**11. Мамандықты ауыстыру ойыңыз болса, оның себебі**

*1) мамандықтан түңілу*

*2) ұтымды ұсыныс түсу*

*3) жеткіліксіз кәсіби деңгейіме байланысты*

*4) мектептегі психологиялық жағдайға байланысты*

**Соңында, өзіңіз туралы шағын ақпарат**

*Тегі, аты–жөніңіз (толық)* Жаңсолтоқ Шолпан Тәттіғалиқызы

*қала, аудан, область* Ақтөбе обл. Мұғалжар ауданы Сага ауылы

*Сіз бітірген жоғары оқу орнының аты* Жұбанов университеті

*диплом бойынша біліктілігіңіз* ______

*жоғары оқу орнын бітірген жыл* 2021ж

*жүргізетін сабақтарыңыз* Мектепке дейінгі білім беру ҰОҚ

Scanned by TapScanner

Тәрбиешінің аты-жөні: Жеңсоғпық шынар Тәттіғалиқызы

**1. Педагогикалық жұмысқа Сіз қалай келдіңіз?**

1) *саналы түрде*

2) *өзге салалардан жұмыс таппағандықтан*

**2. Сіз жұмысты қалай іздедіңіз/таптыңыз?**

1) *бітірген жоғары оқу орнының жолдауымен*

2) *аудандық, қалалық білім бөлімдерінің жолдауымен*

3) *мақсатты түрде ауданның/қаланың ең үздік мектебін іздедім*

4) *достарымның/әріптестерімнің ұсыныдары арқылы вакансия таптым*

5) *мектеп әкімшілігі шақырды*

**3. Сізде тәлімгер-мұғалім бар ма?**

1) *иә, және оның көмегі тиімді*

2) *жоқ, бірақ ол маған керек*

3) *жоқ, мен оған мұқтаж емеспін*

4) *иә, бірақ оның көмегі тиімсіз*

**4. Өзіңіздің жеке педагогикалық қызметіңізден кейін Сіздің тәрбиеші жұмысына деген көзқарасыңыз өзгерді ме, егер өзгерсе қалай?**

1) *өзгерген жоқ*

2) *жақсы жағына қарай өзгерді*

3) *жаман жағына қарай өзгерді*

4) *жауап беруге қиналамын*

**5. Өзіңіздің бақшадағы жұмысыңыздың сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?**

1) *толық қанағаттанамын*

2) *жоқтан гөрі, иә*

3) *иәден гөрі, жоқ*

4) *нақты жоқ*

5) *жауап беруге қиналамын*

**6. Сіз балабақша тәжірибесінде қандай проблемалармен жиі кездесесіз:**

1) *тәлімгерлік жүйесінің болмауы*

2) *педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастар*

3) *Балабақша әкімшілігінің жұмыс стилі*

4) *ата-аналардың тәрбиешіге деген қарым-қатынасы*

5) *балалардың оқуға ынтасының жоқтығы*

Scanned by TapScanner

**7. Балабақшада жұмыс істеу кезінде Сіз жоғары оқу орнында алған біліміңіздің тәжірибелік пайдасын жалпы қалай бағалайсыз?**

*1) өте жоғары*

*2) айтарлықтай жоғары*

*3) аса жоғары емес*

*4) төмен*

**8. Сіздің ойыңызша, жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының оқыту мазмұнында не жетіспейді?**

*1) ЮК мазмұны мен білім құрамы*

*2) кәсіптік тәжірибе бойынша уақыт көлемі мен мазмұны*

**9. Алдағы бірнеше жылда өзіңіздің педагогикалық мансабыңыздың дамуын қалай бағамдайсыз?**

*1) жұмыс істеп жүрген мектебімде пән мұғалімі ретінде білікті ілімді біртіндеп арттыру*

*2) мансаптық өсу (оқу меңгерушісі, мектептің құрылымдық бөлімінің басшысы) оған қоса пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру*

*3) өзге беделді, кәсіби тартымды мектепке ауысу*

*4) магистратураға түсу, ғылыми-педагогикалық қызметті бастау*

*5) екінші жоғары білім алу*

**10. Мамандықты ауыстыру туралы ойыңыз бар ма?**

*1) иә*

*2) жоқ*

**11. Мамандықты ауыстыру ойыңыз болса, оның себебі**

*1) мамандықтан түңілу*

*2) тиімді ұсыныс түсу*

*3) жеткіліксіз кәсіби деңгейіме байланысты*

*4) мектептегі психологиялық жағдайға байланысты*

**Соңында, өзіңіз туралы шағын ақпарат**

*Тегі, аты–жөніңіз (толық)* Жарибаева Айгерим Мирамбековна

*қала, аудан, облысы* Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Бота ауылы

*Сіз бітірген жоғары оқу орнының аты* "Көп салалы болашақ"

*диплом бойынша біліктілігіңіз* Тәрбиеші

*жоғары оқу орнын бітірген жыл* —

*жүргізетін сабақтарыңыз* Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Scanned by TapScanner

Тәрбиешінің аты-жөні: [illegible]

**1. Педагогикалық жұмысқа Сіз қалай келдіңіз?**

1) *саналы түрде*

2) *өзге салалардан жұмыс таппағандықтан*

**2. Сіз жұмысты қалай іздедіңіз/таптыңыз?**

1) *бітірген жоғары оқу орнының жолдауымен*

2) *аудандық, қалалық білім бөлімдерінің жолдауымен*

3) *мақсатты түрде ауданның/қаланың ең үздік мектебін іздедім*

4) *достарымның/әріптестерімнің ұсыныстары арқылы вакансия таптым*

5) *мектеп әкімшілігі шақырды*

**3. Сізде тәлімгер-мұғалім бар ма?**

1) *иә, және оның көмегі тиімді*

2) *жоқ, бірақ ол маған керек*

3) *жоқ, мен оған мұқтаж емеспін*

4) *иә, бірақ оның көмегі тиімсіз*

**4. Өзіңіздің жеке педагогикалық қызметіңізден кейін Сіздің тәрбиеші жұмысына деген көзқарасыңыз өзгерді ме, егер өзгерсе қалай?**

1) *өзгерген жоқ*

2) *жақсы жағына қарай өзгерді*

3) *жаман жағына қарай өзгерді*

4) *жауап беруге қиналамын*

**5. Өзіңіздің бақшадағы жұмысыңыздың сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?**

1) *толық қанағаттанамын*

2) *жоқтан гөрі, иә*

3) *иәден гөрі, жоқ*

4) *нақты жоқ*

5) *жауап беруге қиналамын*

**6. Сіз балабақша тәжірибесінде қандай проблемалармен жиі кездесесіз:**

1) *тәлімгерлік жүйесінің болмауы*

2) *педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастар*

3) *Балабақша әкімшілігінің жұмыс стилі*

4) *ата-аналардың тәрбиешіге деген қарым-қатынасы*

5) *балалардың оқуға ынтасының жоқтығы*

Scanned by TapScanner

Жас мамандарға арналған үлгі жадынама

**Қарым-катынаста кыңырлық, ақаулықтары бар балаларға одан арылу үшін калайкөмектесуге болады?**

Агрессивті бала.Агрессивті мінез-құлықтың әр жағында не тұрғанын білуге тырысыңыз. Агрессивтілік пен өзін - өзі танытудың арасында айырмашылық бар. Осыны балаларға жеткізе білудің маңызы зор. Балаларды кажетті нәрсесін сыпайы түрде сұрай білуге үйретіңіз, олардың пікіріне кұлак асыңыз. Көздеген нәрсені өзгелерді ренжітпей, калай алуға болатынын көрсетіңіз. Оларды өз сезімдерін игеруге және өз күйініш-сүйініштерін баламалы түрде білдіруге үйретіңіз.

Өтірікші бала.Көпбалалар пікір талкысынан және сыннан кашып өтірік айтады. Балаларға артын бағып коргалактамай, шындыкты айта білуге үйретіңіз. Олар әке-аналарының өз кателіктерін, түсінбестіктерін кешіріп, оның бәрін ретке келтіруге көмек беретініне сенімді болуы керек.

Баланың кикар мінезі.Алдымен өз мінез-кұлкыңызға караңыз. Оған айткан әңгімелеріңіздің ішінде тікелей іске катыстысы бар ма? Бәлкім, сіз ашумен баска сөйлеп, казымырланып, әмір бере айкайлап жаткан шығарсыз. Балаңызға өзінше әрекет етуге ерік беріңіз. Балалар адам бір-біріне кұрметпен карап, ынтымактастыкта болса, ол бір-біріне карсы тұрғаннан әлдекайда жаксы екенін ұғуы тиіс.

Соткар бала.Балаларға проблемаларды шешудің әр түрлі жолдары болатынын түсіндіріңіз. Қайшылыктарды шешудің бейбіт тәсіллерін көрсетіңіз.

Ұялшак балалар.Балаларыңызбен сөйлесіңіз, олардың ішкі әлеміне еніп, ұялшактыктың проблемаға айналып кетпеуін кадағалаңыз. Өзге адамдар ортасында өзін неғұрлым колайлы сезіну үшін ұялшактыкты жеңудің алғашкы кадамдарын жасауына көмектесіңіз. Баланың ұялып кажетті істен бас тартуына жол бермеңіз.

Ашулану көріністері.Кенеттен бой көтерген ашу көріністеріне карсы ең жаксы реакция тәсілі - оған тіпті мән бермей кою, назар да аудармау. Сабырлы калпыңызда ашу кашан басылғанша күтіп тұрыңыз. Баланы өз сезімдерін игерудің өзгеше бір жолы - бәрін сөзбен жеткізе білуге үйретіңіз. Олар бұркылдаған ашумен ештеңе де жасау мүмкін еместігін түсінуі, көздеген нәрсеге кол жеткізудің оған караганда әлдекайда оңтайлы, әлдекайда тиімді жолдары бар екенін ұғынуы тиіс.

Беймаза балалар.Өзіне үнемі көңіл аударып отыруды калайтын бала көбіне өз-өзіне сенімсіз келеді. Сіз оны жаксы көретіндігіңізді және жұмысты өздігінен, өзгенің көмегінсіз-ақ аткара алатынына сенетініңізді айтыңыз. Уакытыңызды онан баска да нәрселерге бөлу кажет екенін түсіндіріңіз. Баланы өзгенің сезімдері мен талап-тілегін кұрметтеуге баулыңыз.

Тілазар балалар.Баланы өзін өзі тәртіпке келтіре білуге, жауапкершілікке, ынтымактастыкка, проблемаларды шеше білуге, өзін де, өзгені де кұрметтей білуге үйретіңіз.

Scanned by TapScanner

**Үлгірмеушіліктің психотерапиясы**

Бірінші ереже:жатқанды ұрма. «Екілік» - жеткілікті жаза. Бір қателік үшін екі рет жазалауға болмайды. Бала өз білімі үшін алар бағасын алды, ал үйде оны өз ата-аналары тағы да жазамен қарсы алмай, сабырлылықпен көмектесуі қажет.

Екінші ереже:минутына бір ескертпеден артығы - артық. Баланы кемшіліктерінен арылту үшін минутына бір ескертпеден артық ескертпе жасамаңыз. Әр нәрсенің мөлшерін біліңіз. Әйтпесе, балаңыз бәрін «бітті» деп есептейді де, сіздің сөзіңізге де, берген бағаңызға да мән беруден қалады. Әрине, бұл өте ауыр нәрсе, бірақ мүмкіндігінше оның көптеген кемшіліктері арасынан әсіресе қайсысын алдымен түзету керек болса, соны ғана назарға алып, басқасын әзірге қоя тұрыңыз. Қалғандары кейінірек түзеледі немесе ұсақ-түйек нәрсеге айналып, көзге көрінбейтіндей болып кетеді.

Үшінші ереже:екінің бірін ғана таңдаңыз... Баламен ақылдасып, оқудағы қиындықтардың алдымен қайсысын игерген езіне маңызды екенін анықтап алыңыз. Мұнда өзара түсіністікке не боларыныз анық. Егер екеуіңізді де мәтін оқудағы жылдамдық мәселесі мазалайтын болса, баладан сонымен қатар көркемдеп оқу мен қайталап айтып беруді де талап етпеңіз. Әзірге олардың біреуімен ғана шектеле тұрыңыз.

Төртінші ереже:орындаушыны мақтап, орындалған нәрсені ғана сынау керек. Бағаның нақты адресі болуы тиіс. Бала әдетте бағаны тұлға ретіндеозінің жеке басына берілді деп ойлайды. Оның тұлғаға берілетін баға мен орындалған жұмысқа берілетін бағаның екеуі екі түрлі нәрсе екенін ұғуына көмектесу шарт. Тұлға ретінде мақтау айтылуы керек. Бұрынғысынан сәл де болса ілгерілегендік белгісі болса бала он баға алуға лайық деген сөз. Егер ол осындай мақтаудың арқасында өзін өзі құрметтей бастаса, сіз оған аса маңызды бір негіздеме сыйлайсыз. Ол - оқуға деген ынта-ықылас. Дербес мақтау айта тұрып, оған адрессіз сын-ескертпелер де жасауға болады. Мәселен, «Мұндай есептер бір амалмен емес, екі амалмен шығарылуы керек». Нашар бағалаудың мұндай формасы баланы өз қатесін түзетуге ынталандырады. Бірақ оның білімге, жақсы оқуға деген ықыласына ақау түсірмейді.

Бесінші ереже:баға баланың бүгінгі жетістіктерін оның кешегі сәтсіздіктерімен салыстыра отырып қойылуы керек. Кішкентай оқушының бұл жетістігін бағалаудағы мемлекеттік нормалармен немесе оның парталас көршісі жеткен табыстармен салыстыруға болмайды. Баланың құйттай жетістігі болса да - әйтеуір жетістік қой, қиындықты игерудегі кішкентай ғана жеңіс қой, ол ескерілуі тиіс және лайықты бағалануы қажет.

**Балаларды қалай сөйлетуге болады?**

Мұғалімдерді көбінесе балалардың үнсіз қалатындығы қынжылтады. Бұл әсіресе жасөспірімдерге тән нәрсе. Кейде тіпті оларға не болғанын түсінудің өзі қиын. Бірақ әйтеуір бала бір нәрседен қатты ренжулі екені біліліп тұрады.

**Балалардың сөйлеп, ашылуына қалай көмектесуге болады?**

1. Қалай дегенде де оларды күшпен сөйлетіп, күштеп ішіндегі сырын біле алмайсыз. Сіз неғұрлым мәжбүрлеген сайын, ол солғұрлым тұйықтала түседі. Сіз сабырға келіп, оларды өз еркіне қойсаңыз, қауіпсіздікті сезініп, өздері-ақ сөйлей бастайды.

Scanned by TapScanner

2. Тым асығыстамаңыз! Бір нәрседен құр қалатындай жағдайда жүрген аламға жақындаудың өзі де қиын ғой. Бәлкім, балалар сіздің осындай шұғыл сөттеріңізді көріп, артық-ауыс мазалағысы да келмейтін болар.

3. Балаларды мүмкіндігінше азырақ сынауға тырысыңыз. Бәлкім, олардың тым-тырыс, үнсіздіктен қорған жасап алып отыруы да сіздің кезекті сын ескертпе-жазаларыңыздан қорқатындықтан болар. Олар айтқан сөздердің бәріне де қуаныңыз, таңданыңыз.

4. Сұрақ қоя біліңіз. Егер сіз әңгімені «солай ма» дегеннен бастайтын болсаңыз, ол ұзаққа баруы және қызықты болуы екіталай. Мұғалімдер көбінесе оқушыларға «иә» немесе «жоқ» деген сөзден басқа жауабы жоқ сұрақтар қояды да, оларды сөйлемейді деп жазғырады.

5. Тек сынып жетекшісі ғана емес, сонымен бірге сынып досы да бола біліңіз. Бәлкім дос маңыздырақ, қажеттірек болар!

## Өзін өзі ашу тренингі

(жас мамандарға арналған)

**Тренинг мақсаты:**

- тренингтік топтың жұмыс жүргізуіне қолайлы жағдай жасау;
- тілектестік атмосферасын қалыптастыру;
- тренингке қатысушыларды жас мамандармен таныстыру;
- қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, өзара тиімді әрекеттестікке кедергі келтіретін ішкібарьерлерді, шырығуларды жою;
- жас мамандардың ашылуына, өз әріптестеріне өздерін көрсете білуіне көмектесу;
- жас мамандар өздерін педагогикалық ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау;
- қатысушыларды тренингтік топтардың негізгі жұмыс принциптерімен таныстыру.

Тренинг бағдарламасы

1. Жүргізушінің тренингке қатысушылар мен топтарды бір-бірімен таныстыруы.
2. Сабақ бағдарламасы тақыланады, іс-әрекет ережелері белгіленеді.
3. Іс-әрекет ережелерін қатысушылар өздері белгілеуіне немесе жүргізуші ұсынған нұсқаны пайдалануына болады.
4. Практикалық бөлім.
5. Соңғы бөлім. Тренингтің қорытындысын шығару.

Тренинг барысы

- Саламатсыздар ма, құрметті тренингке қатысушылар! Бұл біздің осы тоқсанда өтіп отырған өзін өзі ашу жөніндегі бірінші тренингіміз. Біздің кездесулеріміз ендігі жерде тұрақты болады деп сенемін! Біздінтоп мектептегі жас мамандарды лицей әкімшілігімен, өздерінің баулушы тәлімгерлерімен, алдағы кезде бірге қызмет ететін мұғалімдермен таныстыру мақсатында құрылып отыр. Бүгін біз бір-бірімізбен жақынырақ танысатын боламыз. Ішкі барьерлерді алып тастауға, толқуларды сабырға түсіруге, оң зарядтар алуға тырысамыз.

Scanned by TapScanner

**Қапшық** – қалта қапшықтың үйге жақын жатса , байлық та жақын. Керісінше болса бәрі керісінше. Егер қапшық аузы байлаулы болса сараңдық. Қапшық жерде жатса жалқау, түрегеліп тұрса еңбекқор адам.

**Жол-** үйге жақын жатса жолы жеңіл, алыс болса керісінше. Егер жол үйдің ортасынан шықса, тапқан табысын үйге әкелетін, ал керісінше болса шашып, айналасына таратқан адам.

**Сақина-** көзей болса қонақ қабылдағанды ,қонақ шақырғанды ұнатады. Көп болса болашақты ойлайды, капитал жинайды . Неке жүзігі мықты отбасын өсіреді.

**Гүл-** үйге жақын болса, қуаныш , той болады. үйдің жанында болса- қызықты күндерің алыста.

**Жылан** үйден алыс салынса- жаулары алыс ,егер жақын салынса көре алмаушылар айналаңда болғаны. Суретте қайсысы үлкен салынса сенің өмірің үшін маңызы зор.




7. «Бақыт, табыс, шеберлік» атты семинардан алған әсерммен, ойыммен бөлісу

**8. «Кел билейік» қозғалмалы ойын.**

Мақсаты. Қатысушылардың көңіл-күйін көтеріп, байқағыштығын, жылдамдығын дамыту.

Көңілді әуендер кезекпен қойылады. Жүргізуші қатысушыларға айналып билей жүру керектігін және де әуен тоқтап қандай сан аталса сонша адам бірігіп қалу керектігін айтады.




9. Слайд арқылы «Анаграммаларды шешу»

**Анаграммаларды шешу.**

1. МТЕКІГТҮНСІ
2. НАҚТАҒА
3. КЕЛУРИСАПБ
4. ІРКЕКӨК
5. АҮТЖМЫМАРДЫ
6. ЛҮЫҚСЫР
7. Өгеркшін
8. Қаргайлаба
9. Дылатқроғпа

Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner









Scanned by TapScanner

# Ұлттық ойындар арқылы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу

Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие
саласының ең өзектісі. Баланың өмірдегі алғашқы қадамы, бірінші әрекеті –
ойын жас баланың өмірді танып, еңбекке қатысуы, психологиялық
ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын баланың негізгі әрекеті.
Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті
әңгімелері мен ертегілеріндегі кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет
жасайды. Ойын әрекетінің ең негізгі түрінің бірі – дидактикалық ойын.
Мысалы, «Есіңе сақта және сурет сал», «Неге ұқсас?» сияқты практикалық
әрекеттер арқылы бала адамгершілік және әділдікке, әсемдікке талпынып
өмірге жақсы көзбен қарым-қатынас жасайды. Қазақ тілі сабағында
бастауыш сыныптарында «Шаттық шеңбері», «Тыңдайық – ойланайық»,
«Сергіту сәті», «Әңгімелесейік» «Жүректен жүрекке» деген тәсілдерді
қолдана отырып, мұғалімдер мен балалар арасында өзара түсіністік,
сыйластық, бір-біріне деген құрметін бірінші кезекте тұруы, өзара дос-
құрбыларына, дәрежесі мен құқығы тең адамдарша тілдесіп, түсінулері
жақсы нәтижеге жеткізіледі. «Өзіңді таныған, ілгері дамығаның» тренингі
рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі танып, өзін-өзі іс
жүзінде мейлінше көрсете білуге айтарлықтай мүмкіндік берді. Балаға тәрбие
бергенде ойын мен тәрбиені ұштастырып, баланы ойната тұра, оның бойына
рухани, адами құндылықтарды сіңіру ата-ананың да, ұстаздардың да, бір
сөзбен айтқанда жөн сілтеушілердің міндеті. Бала мен жеткіншекті ойнатып
қана қоймай, бойына ұқыптылық, адамгершілік, татулық, намысшылдық,
ептілік, шапшаңдық және т.б. секілді адами қасиеттерді сіңіретін негізгі
құрал – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар: айгөлек, ақсерек-көксерек,
ақсүйек, арқан аттау, арқан тартпақ, асық, батырауық, белбеу соқ, белбеу
тартыс, епті жігіт, дауыстап атыңды айтам, қыз қуу, күміс ілу, тепе-теңдік,
соқыр теке, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, түйілген орамал, бес асық, сұрақ-
жауап, жасырынбақ, орын тап, тақия тастау, ұшты-ұшты, т.б. түрлері өте көп.
Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: әріп таңдау, нөмір, пароль, пошта,
сымсыз телефон, сыңарын табу. Сондай-ақ қазақтың ұлттық ойындарының
ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар.
Осы ойындардың ішінен сабаққа, іс-әрекетке, жағдайға, баланың жас
ерекшелігіне байланысты таңдап, керектісін қолданамын. Кейде сабақтың
талабына сай ойындардың толық емес элементтері пайдаланылады.
Мысалы ұлттық ойын «Ақсерек-көксерек» Ептілікті қажет ететін қызықты
ойындардың бірі. Ойынның шарты бойынша балалар екі топқа бөлініп,
арақашықтығы жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады бір баланың
атын атап шақырады, аты аталған бала жүгірген күйі қарсы топтың ұстасып
тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Үзсе, сол топтың бір баласын өзімен ала
келеді, ал үзе алмаса, сол топта қала береді. Қай топта бала көп болса, сол
топ жеңеді. Бұл ойында балаларептілікке, бірлікке, жеңіске талпынуға
үйренеді. Дене тәрбиесі, сергіту сәттерінде пайдаланылады. Кейде

**Тақырыбы: Қазақтың ұлттық бас киімдері**

**Мақсаты:** ұлттық талғам, әдіспен, бас киімдер тігіп үйрену. Қазақ халқының мәдениетін, өзіне тән әдет - ғұрпымен, сонымен бірге безендіру технологиясымен таныстыру.

ұлттық көркем өнердің дәстүрін, оның тарихылығын жете білуге, әдептілікке, бұйымның тиімділігін түсіне білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** а) Ұлттық баскиім түрлері: ерлер, әйелдер бас киімі, буклет. ә) Тақия үлгісі, шаблон әзірлеу, сызба үлгі. «Қыз еркем ісімен көркем» тақырыбына көрме ұйымдастыру.

Қазақ халқы ешқашан жалаң бас жүрмеген. Ер адам, әйел адам өзіне сай бас киім киген. Жалаң бас жүрмеудің экологиялық, эстетикалық негізі бар. Баскиім қыста аязда, жазда күннің ыстығынан қорғайды. Денсаулыққа үлкен мән берген ата - аналарымыз баскиімге аң, мал терілерін пайдаланған, тыстық ретінде берік, тығыз, шыламды матаны қолданған. Бас киімді екі түрге бөлген. Ер бала және қыз бала, әйелдер сәлде, картоз, тақия киеді. Қыз балалар – кәмшат бөрік, тақия. Әйелдер бас киімі – сәукеле, кәмшат бөрік, қасаба, кимешек, шылауыш. Ұлтты бас киімдердің түрлері: бас киімдер XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық киімдеріне зерттеу жасаған И. В. Захарова мен Р. Р. Ходжаева ер адамның бас киімдерін 6 түрге бөлген. 1. Дөңгелек, жеңіл, өзін сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім – тақия. 2. Матадан тігілген кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім – төбетей. 3. Киізден тігілген бас киім - қалпақ. 4. Қалың матадан тігілген башлық (күләпара). 5. Тері қапталған жылы бас киім бөрік. 6. Аң терісінен жасалып, суықта киетін бас киім. Ерлердің бас киімдері – башлық, бөрік, далбай, жалбағай, жекей тымақ, күләпара, қалпақ, құлақшын, малақай, мұрық, тақия, тымақ, шалма.

бөрік тақия сәукеле

қалпақ жаулық

тымақ кимешек

шылауыш

Баскиімге байланысты қалыптасқан дәстүрлер де бар, мысалы, тымақ айырбастамайды, аяқ тигізбейді. Қазақта шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар. Тымақ тастап кешірім сұрау бітімге шақырудың ең үлкен белгісі. Әйелдердің бас киім түрлері. Жаңа түскен келінге тамағы, мойыны, шашы үлкен аталарына көрінбесін деген салтпен, izеттілік жолмен кигізгені. Күнделікті үй шаруасында кедергі келтірмес үшін кимешектің артқы басын екі бұрымды қосып тұратын шашбауға өткізіп қояды. Кимешектің – «албан кимешек», «суан кимешек», «маңдайлы кимешек»

Scanned by TapScanner

«қытай», «итаяқ кимешек» деген түрлері болады. 1. «Албан кимешектің» артқы бойындағы етегі дөңгелек болып келеді. 2. «Суан кимешектің» бойы үшкір болып келеді. 3. «Қытай кимешектің» омырауы түгел кестеленген болып келеді. 4. «Маңдайсыз кимешектің» кестесі екі жағында, маңдайы ашық болады. 5. «Маңдайлы кимешектің» маңдай жағы жабық, кестеленген болады. 6. «Итаяқ кимешектің» алдыңғы ойындысы кең ойылады. Оны байдың келіндері мойындарындағы күміс, алтын бергелерын, алқаларын көрсету үшін киген. Қазақ әйелдері жасы мен отбасы жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігі бар бас киімдер киген. Олардың жаны, қысқы түрлері болады. Әйелдердің негізгі бас киімдері: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, каркара, сәукеле, такия, шәлі. Кимешекті тігу үшін ұзындығы 140см, ені 70 см мата керек. Матаны екі бүктейміз. Матаның түйығы алдына карайды. Алдыңғы жоғарғы нүктесінен (төмен қарай) артқы бойға қарай 4 см өлшеп нүкте белгілейміз. Бұл - бет келбеті нүктесі, енді осы нүктеден ары карай 8 см өлшеп белгілейміз, ол – төбе нүктесі. Алдыңғы бойдың жоғарғы нүктесінен төмен қарай маңдайдан иек астына дейінгі өлшемді алып, бет келбетінің төменгі нүктесін белгілейміз. белгіленген нүктеден артқы бойға қарай 4см жылжып белгілейміз, бұл алқым нүктесі деп аталады. Алдыңғы бойдың жоғарғы нүктесінен бет келбеті нүктесіне дейінгі аралықты қырқамыз, оны алқым кеңдігі нүктесімен қосамыз. Артқы бойдың дәл орта нүктесі мен төбе нүктесінің арасын түзу сызықпен қосып сызамыз да, кесіп алып, артқы бойдың етегіне тігеміз. Бұл - кимешектің етегі болады. Кимешек тігіліп болған соң, екі жағын кестелеп, өрнектейді. Әдетте, кимешек – ақ жібектен молдау етіліп пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жауырын жауып тұрады. Кимешек тек бас киім ғана емес, әйелдің «мінездемесінің» де орны жүреді. Кимешекке қарап әйелдердің шырайын, жас мөлшерін, тұрмыс - жайын, тіпті жүріс - тұрысына дейін анық ажыратып алуға да болады екен. Әйел адамдарының ұқыптылығы мен салақтылығы да кимешегінен көріне

**Тымақ –** екі бөліктен тұрады, төбесі 4 сай, шеті бағалы аң, түлкі терісіме жұрындалған. Жылы, әр сәнді, аязда киеді. Қалпақ - айырқалпақ, дөңгел қалпақ киізден немесе драптан тігіледі. Ол – киіз бас киімдердің ішінде көнесі. Қазіргі өндіріс мүмкіндігі молайып, материалдар көбейген замақ оны қалың драптан да тіге береді. Қазақта қалпақтың екі түрі бар. Олар қалпақ және айыр қалпақ деп аталады. Ақ қалпақтың айналасы тұтас дөңгеленіп тұрады. Оны ақ киізден тігілуіне байланысты «ақ қалпақ» атаса керек. Айыр қалпақтың аты айтып тұрғандай, оның етегі екі ай болып келеді. Соңғы уақытта айыр қалпаққа айрықша мән беріліп

«Мөлдір» бөбекжай- бақшасы МКҚК

# «Анықтама»

***Тақырыбы***: Қазақтың ұлттық бас киімдері
***Мақсаты***:ұлттық бас киімдердің түрлерімен таныстыру,оны кең көлемде ашып көрсету.Ер адамдардың әйел адамдардың бас киімдерім ажыратып көрсету,үйрету.
***Барысы***: Қазақ халқы ешқашан жалаң бас жүрмеген. Ер адам, әйел адам өзіне сай бас киім киген. Жалаң бас жүрмеудің экологиялық, эстетикалық негізі бар. Баскиім қыста аязда, жазда күннің ыстығынан қорғайды. Денсаулыққа үлкен мән берген ата - аналарымыз баскиімге аң, мал терілерін пайдаланған, тыстық ретінде берік, тығыз, шыдамды матаны қолданған. Ходжаева ер адамның бас киімдерін 6 түрге бөлген. 1. Дөңгелек, жеңіл, өзін сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім – тақия. 2. Матадан тігілген кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім – төбетей. 3. Киізден тігілген бас киім - қалпақ. 4. Қалың матадан тігілген башлық (күләпара). 5. Тері қапталған жылы бас киім бөрік. 6. Аң терісінен жасалып, суықта киетін бас киім. Ерлердің бас киімдері – башлық, бөрік, далбай, жалбағай, жекей тымақ, күләпара, қалпақ, құлақшын, малақай, мұрық, тақия, тымақ, шалма.
бөрік тақия сәукеле
калпақ жаулық
тымақ кимешек
шылауыш
Баскиімге байланысты қалыптасқан дәстүрлер де бар, мысалы, тымақ айырбастамайды, аяқ тигізбейді. Қазақта шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар. Тымақ тастап кешірім сұрау бітімге шақырудың ең үлкен белгісі.
Қазақта бөріктің атауларын қандай да аң терісінен тігілгеніне қарай атау дәстүрі бар. «Сусар бөрік», «құндыз бөрік», «кәмшат бөрік» деген атаулар содан қалған.

Міне осылайша балаларды ұлттық бас киіммен таныстырдым.Балалар мұқият тыңдап ризашылықтарын білдірді.

Назарларыныға рахмет.

Жас маман: Қабылова Г.С.

Scanned by TapScanner





# “Ұлттық баскиім”







Scanned by TapScanner

«Мөлдір»бөбекжай-бақшасы МКҚК

# *«Анықтама»*

***Тақырыбы:***Балалардың тілін ойын арқылы дамыту.

***Мақсаты***: Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

***Барысы:***«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес». Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды. Оқу іс - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді. Ойынның түрлері:Ұлттық ойындар;Сюжетті рольді ойындар;Педагогикалық ойындар;Дидактикалық;Шығармашылық;Қимылды ойындар.Педагогикалық ойын түрлері бар. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін дей келе біз балабақшамызда сюжеттік ойындар ойнадық; бір балалар дәрігер болды ал бір балалар құрылысшы болды ал екі бала аспаз болса енді келесісі шаштараз болды. Балалар ойын ойнап көнілденді ойын ойнай арқылы сөздік қорларына жанадан сөз қосты.Ойын арқылы тілдік қорды байытты.

Назарларынызға рахмет.

Жас маман: Қабылова Г.С.

Scanned by TapScanner







“Балалардың тілін ойын арқылы дамыту”







Scanned by TapScanner

«Мөлдір» бөбекжай –бақшасы МКҚК

# *«Анықтама»*

**Тақырыбы**: Табиғат аясында серуен.

**Мақсаты**: Балаларды табиғаттын ерекшеліктерімен таныстыру,таза ауанын қаншалықты пайдалы екенін ұғындыру.

**Барысы**: Көктем мезгілі табиғаттың қысқы ұйқыдан оянатын кезі,даладағы тамаша көрініспен балаларды таныстыруға балабақша ауласына алып шықтым. Дала керемет жылы болып тұр.Серуенге балалармен шығып ағаштарды көрсетіп көктем мезгілі болғандықтан ағаштар бүршік атып жапырақтары жасыл болып жайқалып тұрғанын көрсеттім. Балалар жерден құрт құмырсқа көріп Апай бұл құмырсқалар қаццан шығып жатыр деген сұрақ қойды? Мен болсам көктем болғандықтан табиғат оянады сонымен бірге құрт құмырсқаларда тіріліп өз азықтарын жинауға кірісті деп жауап қаттым.Құмырсқа өз илеуіне қысқы азығын жинайды олар тыным таппай еңбек етеді,және де құмды құмның қандай ерекшелігі бар екенінде айттым.Табиғаттың сұлулығын ерекшелігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.Табиғат аясына серуенге шығып түрлі әңгімелер айттық таза ауамен тыныстап жүру бір ерекше ғажайып. Серуендеп жүру денсаулыққа өте пайдалы.Жалпы табиғатта серуендеген балаларға ұнады.Серуенге шығып далада түрлі ойындар ойнадық,тышқан мен мысық ойынын ойнап балалар біраз жүгіріп шаршады және де тығылысақ ойынын балалар жақсы ойнады.

Табиғатта серуендеу адам денсаулығына өте пайдалы.

Назарларынызға рахмет.

Жас маман: Қабылова Г.С.

Scanned by TapScanner







# Табиғат аясындағы серуен







Scanned by TapScanner

«Мөлдір» бөбекжай – бақшасы МККК.

## «Анықтама»

*Тақырыбы*: Ұлттық ойын арқылы балаларды аламгершілікке тәрбиелеу.

*Мақсаты:* балалардың денсаулығын нығайту,денені шынықтыру,мәдениетін қалыптастыру,өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

*Барысы*: Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымлардын оқу тәрбие жұмысында пайдалану тәрбиешіден үлкен білімділікті,шеберлікті,соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті ,сабырлықты қажет етеді.Өйткені ол, бір күндік немесе бір жылдық іс-әрекеттің жемісі емес,ұзақ жылғы тірнектеп жиылған еңбектің жемісі болып табылады. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысына пайдалану педагогикалық жүйенің жалпы заңдылықтарына бағынады. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында ,жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп,бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып,толығып,жетілу арқылы ,өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі.Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын – сауықтарының бір түрі.Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшілігі ескеріледі. Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнентұратынын ескеруіміз керек:ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;ойынның басталуы мен ойналу барысы;ойынның аяқталуы.Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек», «Теңге алу» т.б.Осы ойындардың ішінен біз тақия жасыру ойынын ойнадық, балалар мәз болып жақсы ат салысты.

Назарларыныңызға рахмет.

Жас маман: Қабылова Г.С.

Scanned by TapScanner








## Ұлттық ойын







Scanned by TapScanner

# *Жас тәрбиешілерге көмек.*

Алғашқы жұмыс күнінде жаңадан келген маман ұжыммен танысуы керек. Әуелі басшылықпен я ұжым жетекшісімен жақынырақ танысып, негізгі міндеттерін анықтап, басын ашып алу керек. Бірге жұмыс істейтін әріптестерінің есімдерін жаттап алып, барлығына ілтипаттылық білдірген жөн.

Жас тәрбиешінің алғашқы жұмыс күндері өзіне қиын тиері сөзсіз. Балалардың жаңадан келген тәрбиешіге деген алғашқы көзқарастары да көп нәрседен хабардар етеді. Өз осалдығын, шешімсіздігін алғашқы келген сәттен-ақ балалар алдында көрсетіп алса, онда балалар бұл сәтті тез ұстап алады, кейін балаларды басқарып, ұйымдастыру жеңілге соқпайды.

***Жас маманға көмекті қалай ұйымдастыруға болады?***

Басынан бастап жас маманды тәжірибелі, баланы сүйетін, өз қызметін жете меңгерген педагогтың қасына бағыттап жіберу керек. Бала мен қалай жеке жұмыс жасау керектігін көрсету-көмектің ең жақсы түрі болып саналады. Мұндай жағдайда ешқандай кеңес, әңгіме, түсіндіру көмектеспейді, тек көрсету ғана керек. Балалардың іс-әрекетін өз бетінше тәрбиеші ұйымдастыра алмады, балалар немен шұғылданатынын білмейді, топта тәртіп пен тәрбие орната алмады. Бұл жағдайда әдіскер тәрбиешіге қалай сабақ өткізу керек екенін, қандай ойын ұйымдастыруға болатынын көрсету керек. Балалармен қалай жеке жұмыс жасауға болады, оларға қандай тапсырмалар қажет, сабаққа қажет деген құралдарды даярлау, ойынның алуан түрлілігі; ойын барысында жұп таңдау сияқты мысалдарды көрсету арқылы көмектесе алады.

Әрбір жас маманды тәжірибелі тәлімгерге ізбасар етіп бекіту-жас маманның дұрыс жұмыс жолында болуына көмектеседі, жақсы тәжірибелі тәрбиеші өз көмегін берері сөзсіз. Жас маманның өз ісіне шебер болуы үшін көп ізденісі, еңбексүйгіштігі қажет, мамандық жолы жеңіл емес екенін өзі де түсіне білуі қажет, сондықтан жас маман ұдайы ізденіс үстінде болуы қажет.

«Менімен бірге көптеген жас мамандар жұмыс істеді. Адам неше жерден педагогикалық жоғары оқу орнын бітірсе де, неше жерден дарынды болса да, егер ол жақсы тәжірибеден пайда алмаса, ол ешқашан жақсы педагог бола алмайтынына көзім жетті. Мен тәжірибелі педагогтарда оқыдым.
А.С.Макаренко.

Жас маман иесі жұмысқа келген сәтте, оның жаңа ұжымға үйренуіне, өзі таңдаған мамандығын жақсы көруіне көмектесу маңызды. Кейбір тәрбиешінің өз ісін меңгере алмай, жұмыс қиындығына төзе алмайтын тұстарында әкімшілік өз көмегін дер кезінде көрсете алуы керек, әсіресе әдіскер тарапынан әділ көмек, қолғабыс көру маңызды болмақ.

Мақтау адамды шаттандырып, көңілін көтереді. Сол себепті де аз ғана

Scanned by TapScanner

## ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЕСІНЕ:

***Тырысыңыз:***

1. Жоғарғы арманға жету үшін жаныңа жақын нәрселерді үлгі тұт.

2. Тоқтама, педагогика ғылымының ең соңғы жетістіктерін біл, мамандығыңды шыңда.

3. Қандай болмасын келеңсіз жағдайда шыдамды, бірқалыпты бол.

4. Кикілжіңнен байсалды, орынды әзіл-қалжыңмен шыға біл.

5. Қарапайым, көңілді өмір сүр. Адамдардың жақсы жақтарын көруге тырыс.

6. Әркез қайырымды бол. Сүйіспеншілік – денсаулық негізі.

***Есіңізде болсын:***

- «Шыдамдылық – аспаннан келген сый». Шыдамды адам төмен болмайды.

- Сіздің көмегіңіз, кімге қиын болса, соған керек.

- Әйел адамның міндеті – махаббат, сұлулық және үйлесімділік.

- Ұжым – бұл да отбасы. Осы отбасын жақсы оймен, жақсы сөзбен, жақсы еңбекпен ныгайт.

***Балаларды тәрбиелей отырып, тырысыңыз:***

- Бала қандай болса да, жақсы көре білу.

- Баланы жеке тұлға ретінде сыйлау;

- Мадақтау, мақтау арқылы жақсы көңіл – күй туғызу;

- Баланың кемістігін емес, даму деңгейін байқау

- Баламен қамқор, байыпты сөйлесе білу;

- Бала талпынысын мадақтап, қолдап отыру.

***Балабақшада болмайды:***

- Балаға айқайлауға, жазалауға;

- Төмен көңіл – күймен келуге;

- Ата – аналармен, бөтен балалардың мінез – құлығын талқылауға;

- Балаларды өздерін қалдырып кетуге;

- Баланы келеке қылуға.

Scanned by TapScanner

Дошаханова Т.Т.

## *Жас маман анкетасы*

Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз және несімен қызықты әлде ойда жоқта түстіңізбе? Бала кезден мектеп балаларын өте жақсы көрдім. Менің бірден-бір арманым тәрбиеші атану болды. Аллаға шүкір арманыма қол жеткіздім.

Жұмыста қандай қиыншылықтар туды және қандай көмек кажет?
Маған жаңа жұмыста қиыншылық көрсем, әріптестер тарапынан және өз тәлімгерім тарапынан қолдау тауып жүрмін. Осы тұста барлығыңызға рахмет

Педагогикалық ұжыммен өз арасында қарым катынасты калай бағалайсыз?
Өте жақсы

Сізге келешекте мамандық таңдауға мүмкіндік туса,қайтадан тәрбиеші болуды қалар ма едіңіз? Әрине өз мамандығымды таңдағым келеді.

Ұжым жұмысында не қызықтырады? Балалармен жұмыс.

## *Сұрақ-жауап*

Мектепке дейінгі тәрие мен оқыту бойынша оку жүктемесіндегі білім салалары атаңыз? Таным, коммуникация, денсаулық, шығармашылық, әлеумет.

Индикатор дегеніміз не?
Баланың білім деңгейінің күтілетінін анықтау

Инновация дегеніміз не? Жаңашаландырған технология.

Технология дегеніміз не? Қазіргі заманның маңызды құра

Scanned by TapScanner

Ахмуратова Самал

*Жас маман анкетасы*

Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз және ісіңізбен қызықты ,әлде ойда жоқта түстіңізбе?

Өзім кішкентай кезімнен балаларды жақсы көретін болғасын осы мамандықты таңдадым.

Жұмыста қандай қиыншылықтар туды және қандай көмек қажет?

Ешқандай.

Педагогикалық ұжыммен өз арасында қарым қатынасты қалай бағалайсыз?

жақсы бағалаймын

Сізге келешекте мамандық таңдауға мүмкіндік туса,қайтадан тәрбиені олуды қалар ма едіңіз? қалар едім.

Ұжым жұмысында не қызықтырады?

Балалармен жұмыс жасаған. және ұжыммен бірігіп жұмыс жасаған.

*Сұрақ-жауап*

Мектепке дейінгі тәрие мен оқыту бойынша оқу жүктемесіндегі білім салаларын атаңыз? Денсаулық, Шығармашылық, Әлеумет, коммуникация, Таным.

Индикатор дегеніміз не? балалардың деңгейін анықтайтын құрал.

Инновация дегеніміз не? жаңаша технология.

Технология дегеніміз не? қазіргі заманда қолданылатын құрал.

Scanned by TapScanner

*Жас маман анкетасы* Жуматаева Рысгүл.

Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз және несімен қызықты ,әлде ойда жоқта түстінізбе?

Психология жаныма жақын болды. Адамдардың ішкі жан дүниесімен бөліскенді жақсы көрем.

Жұмыста қандай қиыншылықтар туды және қандай көмек қажет?

Жұмысымда әзірге қиыншылықтар жоқ. Ол үшін адам әркез іздеиіс үстінде жүру керек. Адамның білгенінен білмегенінен көп.

Педагогикалық ұжыммен өз арасында қарым қатынасты қалай бағалайсыз?

Ұжыммен қарым-қатынасым жақсы.

Сізге келешекте мамандық таңдауга мүмкіндік түса,қайтадан тәрбиешi олуды қалар ма едініз?

иә.

Ұжым жұмысында не қызықтырады?

Ұжымдағы ауыз бірлік

## *Сұрақ-жауап*

Мектепке дейінгі тәрие мен оқыту бойынша оқу жүктемесіндегі білім салаларын атаңыз? Таным, коммуникация, әлеумет, денсаулық шығармашылық.

Индикатор дегеніміз не? Балалардың деңгейін анықтау.

Инновация дегеніміз не? Жаңаша технология.

Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз [illegible] түсінізбе? Музыка — адамның ән айтқанда барлық өмірін бөліп шығаратынды ұмыттыруы. Әннен бар өмірдің мәнін түсінесің. Жаныңды жаулайды

Жұмыста қандай қиыншылықтар туды және қандай көмек керек? Қиыншылықсыз жұмыс болмайды көмек сұраймын.

Педагогикалық ұжыммен өз арасында қарым-қатынасты қалай бағалайсыз?
Жақсы

Сізге келешекте мамандық таңдауға мүмкіндік туса, қайтадан тәрбиеші болуды қалар ма едіңіз?
Иә.

Ұжым жұмысында не қызықтырады? Балаларға ән айтқызуға

*Сұрақ-жауап*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша оқу жүктемесіндегі білім салаларын атаңыз?

Индикатор дегеніміз не? - Білім деңгейінің көрсеткіші

Жаңашылдан

Инновация дегеніміз не?

Технология дегеніміз не? - Жаңа әдістер. Жаңа бағ...

Жемалова.

Scanned by TapScanner